

2-тақырып.

Қоғамдық өндіріс негіздері.

● Жоспар:

- 1. Қоғамдық өндірістің негізгі санаттары мен факторлары
 - 2. Экономиканың төрт іргелі сұрақтары
 - 3. Өндіріс мүмкіншіліктерінің қисығы және балама шығындар
 - 4. Ұдайы өндіріс және оның фазалары

1.Қоғамдық өндірістің негізгі санаттары мен факторлары

2.Экономиканың төрт іргелі сұрақтары

Кез келген экономикалық жүйенің дамудағы негізгі мақсаты қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Қажеттіліктер - бұл қанағаттандыруды тілейтін, өмір сүруді және организмді дамытуды қамтамасыз ететін, адамның жеке басын, әлеуметтік топты және қоғамды тұтастай дамыту үшін қолданылатын объективтік керектік, мұқтаждық болып табылады. Қажеттіліктер сан алуан болады. Оларды әр түрлі белгілер бойынша жіктеуге болады: материалдық, рухани және қоғамдық деп бөледі.

- **Материалдық қажеттіліктер** - адам үшін ең қажетті заттар (тамақ, киім, тұратын баспана, т.с.с.) мен сән-салтанат заттарына бөлінеді. Материалдық қажеттіліктерге тауарлармен тең дәрежедегі біздің қажеттіліктерімізді қанағаттандыра алатын қызмет көрсету де жатады (көлік жөндеу, шаш қырқу, заңгерлік кеңестер, т.б.). Кәсіпорындар, басқарма мекемелері және қоғамдық ұйымдардың қажеттіліктері де материалдыққа жатады.
- **Рухани қажеттіліктер** рухани-шығармашылық, іскерлікпен қатысты (білім беру, мәдениетті дамыту, эстетикалық ләззат алу) болады.
- **Қоғамдық қажеттіліктер** - бұл қоғамның бір бөлігі, әлеуметтік субъект ретінде әр түрлі қызмет атқаратын адамның іскерлігінің негізі.

- Адамның қажеттіліктері көп түрлі болады. Американдық ғалым А.Маслоудың теориясы бойынша қажеттіліктер келесідей ретпен орналасады:
- **физиологиялық** қажеттіліктер (тамаққа, сусынға, т.б.);
- **қауіпсіздік** қажеттіліктері (аурудан, жанжалдан, қорқыныштан, т.б.);
- **әлеуметтік** байланыстарға деген қажеттіліктер (сүйіспеншілікке, кейбір топтардың мүшесі болуға, т.б.);
- **өзін-өзі сыйлап қадірлеуге** (мақсатқа жетуге, өзін танытуға, т. б.) қажеттіліктер;
- **өзін-өзі мадақтауға** (қабілеттерін жүзеге асыру жағдайында, түсіну, т.б.) қажеттіліктер.
- Қажеттіліктерін кез келген уақытта қанағаттандырып отыру мемлекеттің, қоғамның, жеке адамның қолындағы ресурстардың қаншалық екеніне байланысты.

- *Ресурстар* - игіліктерді өндіруге және қажеттіліктерді қанағаттандыруга бағытталған қолда бар мүмкіндіктер.
- *Табиғи ресурстар* - қоғамдағы табиғи жер байлықтары, ауылшаруашылығына қолайлы жағдайлар, жердің жақсы географиялық аймақта орналасуы.
- *Өндірістік* процесстерде қолданылатын және тұтынылатын, *алдыңғы ұрпақ негізін қалап кеткен ресурстар*, яғни кәсіпорындар, көлік жүйелері, тұрғын үйлер, т.б.
- Адам ресурстары - адамдардың тәжірибесі, білім деңгейі, кәсіпкерлік қабілеті, т.с.с.
- Экономикалық ресурстар — адам еңбегінің нәтижелері. Оларды жасау бірнеше факторларды қолдануға негізделген.

- Экономикалық әдебиетте факторларды анықтаудың екі әдісі бар. Біріншісі К.Маркс еңбектерінде берілген, ал екіншісі батыс әдебиетінде берілген.
- Маркс бойынша өндіріс процесіне үш элемент қатысады: еңбек заттары, еңбек құралдары және адамның еңбек күші. Еңбек заттары деп өңделетін заттар аталады. Еңбек құралдары деп адамның табиғатқа әсер ету заттары аталады. Еңбек заттары мен еңбек құралдары өз кезегінде. Өндіріс құралдарын құрайды. Олар өздігінен нәтиже бере алмайды, сондықтан өндірістің негізгі факторларының бірі болып, жұмыс күші есептеледі.

- Батыс экономикалық әдебиетінде өндіріс факторларына жер, еңбек, капитал, басқару қабілеті жатады.
- **Жер** – ауылшаруашылығының объектісі ресурстар көзі. **Еңбек** - өндіріс факторы, оның құрамына жұмыс істейтін адамдардың бәрі кіреді. Нарықта ол сатылады, сатып алынады, тауар болып есептелінеді.
- **Капитал** — байлық көзі бола алатын құрылыс, құралдар.
- Нарық экономикасында барлық адамдардың кәсіпкерлікті бастау мүмкіндіктері бірдей болады. Бірақ әр түрлі қабілеттер әр түрлі нәтижелер береді. Олардың тек 5-10% 1 ғана керекті нәтижеге жетеді. Сондықтан **басқару қабілеті** де өндіріс факторларына жатады.

- Нарық экономикасында барлық адамдардың кәсіпкерлікті бастау мүмкіндіктері бірдей болады. Бірақ әр түрлі қабілеттер әр түрлі нәтижелер береді. Олардың тек 5-10% 1 ғана керекті нәтижеге жетеді. Сондықтан басқару қабілеті де өндіріс факторларына жатады.
- Технология және ғылыми-техникалық ресурстар қоғамның жинақтары, бүгінгі таңдағы техникалық процесстің 1 дүниесі. Ресурстар қалай бөлінгеніне қарамастан, олардың мақсаты бір, яғни экономикалық іскерлікте, игіліктерді өндіруде барынша қолайлы жағдай тудыру.

Игілік кез келген зат, ол материалдық, сонымен қатар материалдық емес болады және тұтынушының белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырады немесе өндірушінің көздеген максатына сәйкес қолданылуы мүмкін. Нарықтық экономикада олар тауарлар мен қызметтер деп аталады. Қызметтер түріне байланысты игіліктер екі түрге бөлінеді: өндірістік ресурстар және оларды пайдалану негізінде өндірілетін тұтыну игіліктері.

Кейбір игіліктер (атмосфера ауасы) шектеусіз көлемде болса, енді бірі шектеулі (заттар, қызмет көрсету) болады. Шектеулі экономикалық ресурстар деп аталады.

Экономикалық теория осы шектелген (экономикалық) игіліктерді зерттеуге бағытталған. Экономикалық игіліктер ұзақ мерзімдік және қысқа мерзімдік болып бөлінеді. Ұзақ мерзімдік игіліктер көп ретті пайдалануға арналған (автомобиль, кітап, электроқұралдар және т.б.). Қысқа мерзімдік игіліктер бір рет пайдалану нәтижесінде таусылады (нан, ет, жеміс-жидек, сіріңке және т.б.).

Экономикалық игіліктер бірін-бірі ауыстыратын (субституттар) және бірін-бірі толықтыратын (комплементарлы) игіліктер болып бөлінеді. Субституттарға келесі игіліктер мысал бола алады: ет - балық, маргарин - май, шай-кофе, т.б. Комплементарлық игіліктерге келесілер жатады: үстел - орындық, компьютер - принтер, автомобиль - бензин, фотоаппарат- фото пленка, т.б.

Сонымен қатар, экономикалық игіліктер қазіргі және болашақ, тікелей және жанама болып та бөлінеді. Адам қажеттіліктерін тікелей түрде қанағаттандыратуға игіліктер тікелей игіліктер болып табылады. Олар тұтыну заттары деген атау алды. Ал жанама игіліктер қазіргі кезде болашақтағы тұтыну заттарын өндіруде қолданылады. Оларды өндіріс құралдары деп атайды.

Экономикалық өсудің барлық мәселелері қажеттіліктері қанағаттандыруға жұмсалатын ресурстармен байланысты. Бұның шешімдері екі негізгі экономикалық аксиомаларда көрініс табады.

Бірінші аксиома - қоғам қажеттіліктері шексіз және олардың толығымен қанағаттандырылуы мүмкін емес.

Екіншісі - тауарлар мен қызмет көрсету өндірісіне қажетті ресурстар шектеулі және сирек.

Сонымен, өндіріс үнемі өспелі қажеттіліктердің шексіздігі мен ресурстардың шектеулі аймағында жүзеге асырылады. Ресурстардың шектеулілігі қоғамда төрт іргелі сұрақтарды тудырады:

«Не өндіреміз? » - қандай игілік өндіреміз және қандай мөлшерде?

“Қалай өндіреміз?» - қандай ресурстарды және қандай технологияны пайдаланамыз?

“Кім үшін өндіреміз?» — өндірілген тауарларды кім тұтынады?


“Осы тауарлар мен қызметтердің айырбасы қалай іске асырады? ”

3.Өндіріс мүмкіншіліктерінің қисығы және балама шығындар

Өндіріс мүмкіншілігінің қисығын талдайтын болсақ, келесідей, үш салдар шығады.

1.Егер екі өнімнің тіркестері (комбинациясы) сызықтың бойында жататын болса, онда ресурстардың бәрі қолданылған, ал экономика тиімді болады.

2.Егер екі өнімнің тіркестері (комбинациясы) Е нүктесі сызықтың сол жағында орналасатын болса, онда ресурстар толық қолданылмаған, ал экономика тиімсіз болады.




- 3. Егер екі өнімнің тіркестері (комбинациясы) сызықтың оң жағында орналасса, онда бұндай комбинацияның іске асу мүмкіндігі жоқ. Өйткені ресурстар жетіспейді. Бірақ қоғам қосымша ресурстар көзін табатын болса, онда қисық оңға қарай орын ауыстырады да, өндіру мүмкіндігі пайда болады.

4. Ұдайы өндіріс және оның фазалары

Кез-келген қоғамда адамға қажетті заттар өндірілуі қажет. Оларды жасау өндіріс процессінде жүзеге асады. Осыған байланысты өндірістің екі түрін ажырата білу маңызды

а) жай мағынадағы өндіріс - пайдалы заттарды жасау және

ә) ауқымды мағынадағы өндіріс – өндіру, бөлу, айырбас пен тұтынудың тұтас процессі.



Өндіріс экономикада шешуші рөл атқарады, өйткені, игіліктерді өндірмесе, оны бөлу, тұтыну, айырбастау мүмкін емес.

Материалдық және материалдық емес өндірісті ажырата білген жөн. Материалдық өндіріс игіліктерді өндіру мен қызмет көрсету салаларын (өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс, тұрмыстық қызмет көрсету, т.б.) біріктіреді.

Материалдық емес өндіріс материалдық емес қызмет көрсетулер мен рухани құндылықтарды өндіруге (денсаулық сақтау, білім беру, т.б.) қатысты. Бұл өндіріс түрлері бір-бірімен тығыз байланысты, бірі болмаған жағдайда екіншісінің болуы мүмкін емес.

Бөлу процессі жекелеген қатысушылар мен әлеуметтік топтар алатын табыс көлемін анықтауды білдіреді. Табыстарды бөлу кез келген қоғамда біркелкі болмайды: бір әлеуметтік топтар (кәсіпкерлер) жоғары табыс алатын болса, басқалары салыстырмалы төмен табысты иеленеді. Табыстар деңгейіндегі айырмашылық экономикалық субъектінің өндіріс факторларын иелену дәрежесімен белгіленеді. Алғашқы бөлу (өндіріс факторлары бойынша) әлеуметтік көзқарас тұрғысынан әділетсіз болып табылады. Сондықтан ол салық, субсидиялар, мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдер, қоғамдық қорлар арқылы толықтырылатын екінші реттегі бөлумен (қайта бөлумен) толықтырылады. Алғашқы бөлу нарық механизмі арқылы жүзеге асса, қайта бөлу процессі мемлекеттің белсене араласуы арқылы жүзеге асады.

Айырбас - тұтынуға қажетгі игіліктер мен өндіріс ресурстарының экономикалық қызметтерге қатысушылардың бірінен екіншісіне ауысып отыру процессі. Бұл процесс тұтынушылар мен өндірушілер арасында қатынас жүргізеді. Осылайша экономикалық қатынастар қалыптасады. Айырбас әдістері көп. Ең бастысы, айырбас қатысушылар үшін табысты, жалпы қоғам үшін тиімді болып саналады.

Шаруашылық жүргізудің аяқтаушы бөлімі - тұтыну. Тұтыну ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында тауарлар мен қызмет көрсетулерді пайдалануды көздейді.

Игіліктер тұтынылған соң таусылады, соған байланысты оларды қайта өндіру қажеттігі туындайды. Осындай үздіксіз қайталанып отыратыш өндірістік процесс ұдайы өндіріс деп аталады және ол қарапайым, кемімелі, кеңейтілген ұдайы өндіріс болып бөлінеді.

Қарапайым ұдайы өндіріс - өндірілген өнімнің сапасы мен көлемі жылдан жылға өзгеріссіз қалпында қалатын ұдайы өндіріс.

Кеңейтілген ұдайы өндіріс - өндірілген өнімнің сапасы мен көлемі жыл сайын өзгеріп, жетілдіріліп, ұлғайып тұратын ұдайы өндіріс.